

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Қурайлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 6 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 5646 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Қурайлы ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 17 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Қурайлы ауылдық округі әкімінің 17.01.2018 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2017 жылғы 15 тамыздағы № 5-2/465 ұсынысы негізінде, Қурайлы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі мүйізді қара және ұсақ мүйізді қара малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Қурайлы ауылдық округі Өрлеу ауылындағы Жерұйық көшесі бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қурайлы ауылдық округі әкімінің орынбасары А. Шалабаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Қурайлы ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушысы*

М.Ш. Тұрмағамбетова